

# 2024 жылғы қаңтар-маусымда құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

1. Түйінді тұстары
2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
4. Глоссарий
5. Әдіснамалық түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

Жариялау күні:  
17.07.2024  
Келесі жариялау күні:  
16.08.2024

## 1. Түйінді тұстары

2024 жылғы қаңтар-маусымда орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 8,6% өсіп, 2748,2 млрд. теңгені құрады.

Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен 87,7%, шетелдік – 11,8%, мемлекеттік – 0,5% орындалды.


## 2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2024 жылғы қаңтар-маусымда құрылыс жұмыстары көлемінің 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда ұлғаюуы тұрғын ғимараттар (22,4%) мен имараттар (15,6%) құрылысы жұмыстары және жөндеу жұмыстарымен байланысты.

2024 жылғы қаңтар-маусымда орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) түрлері бойынша ең көп үлесті тұрғын емес ғимараттар (жалпы көлемге 24%) мен тұрғын үйлердің (15,6%) және автомобиль жолдары (13,3%) құрылысы алады.

### Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



### Динамикалық кестелер:

#### Айлар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

Аумақтық бөлінісінде республиканың он жеті өңірінде құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюуы байқалады. Едәуір өсу Қызылорда (35,6%) облысында, Астана (35%) қаласында, Жетісу (33,8%), Шығыс Қазақстан (31,5%), Қарағанды (25,6%), Түркістан (23,8%), Маңғыстау (21,2%), Ұлытау (20,7%) облыстарында, Шымкент (18,4%) қаласында және Алматы (14,5%) облысында байқалады.

### Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

	Барлығы, мың теңге	2024 жылғы маусым, пайызбен		2024 жылғы қаңтар-маусым 2023 жылғы қаңтар-маусымға, пайызбен	Республикалық көлемге пайызбен
		2024 жылғы мамырға	2023 жылғы маусымға		
<b>Қазақстан Республикасы</b>	2 748 161 573	213,8	111,7	108,6	100,0
Абай	74 852 142	4,6 есе	119,4	113,3	2,7
Ақмола	70 690 212	135,1	81,4	93,5	2,6
Ақтөбе	115 072 558	2,2 есе	105,5	113,2	4,2
Алматы	110 391 725	2,1 есе	96,5	114,5	4,0
Атырау	385 540 350	51,9	42,4	77,1	14,0
Батыс Қазақстан	82 125 868	164,1	53,4	80,0	3,0
Жамбыл	122 925 175	6,9 есе	120,7	112,3	4,5

Жетісу	92 801 028	163,8	89,4	133,8	3,4
Қарағанды	195 202 693	148,6	113,6	125,6	7,1
Қостанай	81 761 698	2,8 есе	121,4	110,8	3,0
Қызылорда	75 815 244	2,7 есе	127,9	135,6	2,8
Маңғыстау	111 091 823	4,1 есе	190,4	121,2	4,0
Павлодар	118 024 660	3,7 есе	117,6	111,9	4,3
Солтүстік Қазақстан	57 289 613	3,9 есе	123,7	112,9	2,1
Түркістан	181 053 507	4,1 есе	137,5	123,8	6,6
Ұлытау	44 794 217	126,9	167,4	120,7	1,6
Шығыс Қазақстан	135 877 346	176,6	187,9	131,5	4,9
Астана қаласы	362 202 831	2,2 есе	156,0	135,0	13,2
Алматы қаласы	240 993 166	2,1 есе	100,1	104,5	8,8
Шымкент қаласы	89 655 717	2,1 есе	104,1	118,4	3,2

### Электрондық кестелер:


[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде объектілердің түрлері және жұмыстардың түрлері бойынша](#)  
[Кәсіпорындардың мөлшерлігі бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)  
[Технологиялық құрылымы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

### 3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында 2024 жылғы қаңтар-маусымда пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 8468,8 мың шаршы метр құрады.

#### Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



### Динамикалық кестелер:

#### Тұрғын үйлерді пайдалануға беру

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 1% өсті, 7440,5 мың шаршы метрді құрады, олардан 4574,8 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 2827,6 мың шаршы метр - жеке үйлер. Тұрғын үйлердің едәуір бөлігін – 6887,1 мың шаршы метрді немесе 92,6%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде, 2961,9 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.


#### Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		соның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңы шаршы метрмен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	мемлекеттік меншік	жекеше меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
<b>Қазақстан Республикасы</b>	7 440 546	101,0	388 364	6 887 147	2 961 892	97,5	165 035
Абай	140 202	107,8	31 715	108 487	34 963	77,0	-
Ақмола	237 469	76,5	41 830	192 209	128 111	75,4	3 430
Ақтөбе	352 943	89,8	-	352 943	195 168	77,7	-
Алматы	588 987	109,1	-	552 827	387 146	100,8	36 160
Атырау	237 410	88,3	-	235 544	214 946	105,0	x

Батыс Қазақстан	202 947	73,9	-	200 889	147 269	129,9	x
Жамбыл	310 952	102,3	15 836	295 116	275 365	107,3	-
Жетісу	115 545	111,3	31 083	84 462	75 658	122,2	-
Қарағанды	266 283	114,5	10 622	255 661	34 168	79,9	-
Қостанай	247 702	102,2	58 514	188 866	74 771	85,3	x
Қызылорда	330 532	103,7	-	330 532	304 393	98,0	-
Манғыстау	251 332	70,3	-	251 332	122 769	87,2	-
Павлодар	162 174	119,4	34 956	127 218	80 044	149,2	-
Солтүстік Қазақстан	90 445	118,9	3 178	87 267	66 238	121,0	-
Түркістан	370 858	120,2	14 128	356 730	344 825	126,5	-
Ұлытау	30 170	105,2	4 357	25 813	21 964	135,1	-
Шығыс Қазақстан	141 586	104,4	44 205	97 381	38 859	87,8	-
Астана қаласы	1 676 197	105,2	83 888	1 549 127	16 411	60,2	43 182
Алматы қаласы	1 235 260	100,8	-	1 157 243	217 857	69,2	78 017
Шымкент қаласы	451 552	115,8	14 052	437 500	180 967	97,1	-

2024 жылғы қаңтар-маусымда білім беру және денсаулық сақтау саласында 9012 оқу орнына арналған 23 жалпы білім беретін мектеп, 1620 орынға арналған 14 мектепке дейінгі ұйымдар 250 орынға арналған 1 аурухана және ауысымда 425 келіп-кетушіге арналған 16 амбулаториялық-емханалық мекеме пайдалануға берілді.

### Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру



### Электрондық кестелер:

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру туралы \(пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы\)](#)

[Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

[Тұрғын үйдің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)

[Халықтың 1000 адамына шаққандағы тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру](#)

[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру](#)

## 4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

## 5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпы құрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен

мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік имараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

## 6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

## 7. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-КС айлық\):](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-КС, айлық\):](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, айлық\):](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе Сапа бойынша есеп](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	<b>Департамент директорының м.а.:</b> И.С.Торғаутова Тел. +7 7172 749778	<b>Орындаушы:</b> О.Эдель Тел. +7 7172 749313 E-mail: o.edel@aspire.gov.kz	<b>Мекен-жай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	--	---	---